

5. О создании института Уполномоченного по правам ребенка в Республике Казахстан [Электронный ресурс] : Указ Президента Республики Казахстан, 10 февраля 2016 г., № 192 // Государственные услуги и информация онлайн. – Режим доступа: <http://egov.kz/cms/ru/law/list/U1600000192>. – Дата доступа: 25.09.2018.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ

Өзбеков Д.Ө.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қылмыстық құқық теориясында бірнеше адамның қылмыс жасауының нәтижесі одан туындайтын залалдың мөлшері дара қылмыстарға қарағанда көп болады. Сондай-ақ қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің жаңа түрлерінің пайда болуына байланысты қылмысқа қатысушылармен жасалатын қылмыстар саны артып отыр. Соған байланысты қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы мен жазасын даралау мәселелері әрқашанда маңызды болып табылған. Соттық-тергеу зерттеуіне сәйкес қылмысқа қатысумен жасалатын қылмыстар күрделі мазмұнына ие.

Осыған орай, қылмысқа қатысушылардың жауаптылығы соттарға қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен дәрежесін, әрбір қылмысқа қатысушының ортақ қылмыстық нәтижеге қосқан үлесін анықтау, яғни жазаны тағайындаудың жеке даралау қағидасын жүзеге асыруы қажеттілігімен сипатталады.

Қылмысқа қатысушылардың қылмыс істеген кездегі әрқайсысының атқарған қызметтерінің түріне қарай бірінен бірінің өзгешеліктері болады. Бұл өзгешеліктерді ажыратпайынша олардың әрқайсысының қылмысқа қатысу дәрежесін, оған байланысты қолдануға жататын жазаның шамасын белгілеу мүмкін емес.

Бір ғана қылмысқа қатысушылардың іс-әрекеттері абсолютті түрде бірыңғай болуы мүмкін емес. Олардың арасындағы ерекшеліктерді анықтауға біздің қылмыстық заңдылығымыз бен құқықтық теориясы үлкен маңыздылық береді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 28-бабының мәні бойынша қылмысқа қатысушылардың қылмыстарын саралау олардың функцияларының өзіне тән ерекшеліктерін алдын ала анықтауды талап етеді. Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөліміндегі қылмысқа қатысу нысандарын адамдар тобымен жасалуы мүмкін қылмыстарды көрсететін бабы, тергеу және сот органдарын, кінәлілердің жауаптылығын дұрыс саралауға және қылмысқа қатысушыларға жаза тағайындау кезінде, қайсысының қандай қызмет атқарғанын анықтауға міндетті.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 28-бабында көрсетілгендей, олардың қылмысқа қатысу сипаты мен деңгейін есепке алу қажет. Басқа сөзбен айтқанда, бірлескен қылмыстық іс-әрекеттерді саралау мен жаза тағайындау, яғни қылмысқа қатысудың негізгі сұрақтарын шешу бірлесіп әрекет етуші тұлғаларды нақтылы түрге бөлусіз мүмкін емес.

Қылмысқа қатысу сипатына байланысты қатысушыларды төрт түрге бөлеміз: орындаушы, ұйымдастырушы, азғырушы, көмектесуші. Олардың әрбіреуінің іс-әрекетіне өзіндік белгілер тән, бұл белгілер заңның әртүрлі нормаларында, Қылмыстық Кодекстің 28-29-баптарындағы әртүрлі тармақтарда ашық көрсетілген. Қатысушылардың қатаң индивидуальды жақтарын заңда белгілеумен, олардың іс-әрекеттерін бөліп сипаттаумен қылмысқа қатысушылардың әрбір түрінің дербестігі көрінеді.

Ғалым Ф.Г. Бурчактың пайымдауынша «атқарушылық іс-әрекет қылмысқа қатысушының кез-келген басқа іс-әрекетін өзіне жатқызады, яғни ал алғашқыда ұйымдастырушы не айдап салушы болған, бірақ кейін қылмысты орындауға қатысқан тұлға тек орындаушы түрінде танылуы тиіс». Ол ұйымдастырушылық және айдап салушылық іс-әрекеттерді жауапкершілікті ауырлататын мән-жай ретінде қарастыруды ұсынады[1].

Жоғарыда көрсетілгендей қылмысқа қатысушылардың рөлдерінің бірін-бірі қамтуын қауіпті бір іс-әрекеттің екіншісін қамтуы туралы, егер олардың біреуі екіншісінің конструктивті белгісі болып табылса ғана айтуға болады. Ұйымдастырушының, айдап салушы мен қылмысқа көмектесушінің іс-әрекеті заңмен сипатталған орындаушының функцияларына жатпайды. Олардың бір-біріне өзара қамтуы қоғамдық қауіптілік деңгейі бойынша қылмысқа қатысушылар түрлерінің бір-біріне өзара қатысуына жауап бермес еді. Мысалы, айдап салушы қылмыстық жолға бірнеше адамды түсірген

соң, қылмысты орындауға елеусіз рөл атқаруы мүмкін. Ал оны тек орындаушы ретінде тану оның шынайы рөлін сипаттамайды.

Ұйымдастырушы функциясын орындаушылық іс-әрекеттерге кіргізе салу тіптен негізсіз болар еді, өйткені ұйымдастырушылық қалған қатысушылар іс-әрекетіне қарағанда қауіптірек екені белгілі.

Бірнеше қатысушылардың рөлдерін бір тұлғада бірігуін ауырлататын мән-жай ретінде қатыстыру да заңсыз болар еді, өйткені Қылмыстық Кодекстің 54-бабындағы жауапкершілікті ауырлататын мән-жайлар санатында мұндай жоқ.

Жоғарыда айтылғанның барлығы, қатысушылардың әртүрлерінің өзара қатысын ең үстінде орындаушы тұратын иерархиялық саты ретінде қарастыруға болмайтынын көрсетеді.

Олардың біреуінің іс-әрекеті екіншісінің іс-әрекетін өзіне қамти алмайды.

Қатысушылардың түрлері, Қылмыстық Кодекстің 28-бабының 2-5-тармақтарына қарасақ, бірыңғай саралаушы өлшем бойынша, атқаратын функцияларының сипаты бойынша жіктелген. Қылмысқа қатысу деңгейі кінәлінің белсенділігі мөлшерін көрсетеді, ол бірлескен іс-әрекеттегі тұлғаның рөлінің сандық сипаты болып табылады.

Сот практикасында кей кездерде орындаушылармен, ұйымдастырушымен көмектесушімен, қылмысқа айдап салушымен қатар қылмыстың инициаторлық рөлі де дербес көрсетіледі. Оның сыртында қылмысқа қатысушылардың кейбіреуіне қатысты айыптау қорынтындылары мен сот үкімдеріне олардың инициатор болып табылатындығы ғана айтылады, ал қандай нақты қатысушының түріне жататындығы туралы істі соттың қарау нәтижесінде көрсетілмейді. Бірақ олар сотталушылардың ішінде аса көп үлеске ие емес, оннан бір үлесінде не одан да кем мөлшерде.

Фактілі түрде олардың барлығы дербес қылмыс ұйымдастырушының рөлін атқарған.

Қылмыстық құқық теориясында бұл практикалық тенденция мәні бойынша талданбайды. Тіптен арнайы әдебиеттерде инициатор түсінігі оның мазмұны мен инициаторлар шегін көрсетусіз, нақты емес сипатта қолданылады. Мысалы, М.А. Шнейдер инициатор ретінде қылмыстың ұйымдастырушысы мен қылмысқа айдап салушыны санауды мүмкін деп тапқан. Ал Ф.Г. Бурчак қылмысқа көмектесуші деп, басқа кез келген қылмысқа қатысушының инициатор деп тануға болады деп санайды. Инициатордың іс-әрекетінің заңды табиғаты туралы сұраққа Ф.Г. Бурчак қана жанама түрде жауап берді, ол белсенділіктің көрінуі қылмысқа қатысушының қатысу деңгейін көрсетеді, деді.

Мазмұны бойынша «инициатор» ұғымы нақты анықталмаған. Сөзбе-сөз аударатын болсақ, ол кез келген әрекетте инициативаның көрінуін білдіреді. Инициативаны кез келген қылмысқа қатысушы қолға алуы мүмкін. Ал оның қандай деңгейінде тұлға инициатор болып табылады деген сұраққа нақты жауап айту екіталай. Қылмысқа қатысушының функциялары аталған ұғым түсінігін толық деңгейде аша алмайды. Бұдан шығатыны, инициаторды қылмысқа қатысушының бір түрі ретінде қарастыруға болмайды. Кінәлі тұлғаның инициатор деп аталуы тергеу және сот органдарын оның нақты қандай қылмысқа қатысушының түріне жататындығын анықтау міндетінен босатпайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 28-бабында көрсетілген қылмысқа қатысушылардың түрлерінің санағы толық болып табылады. Кез келген бірлескен қылмыстық іс-әрекеттер заңға белгілі қылмысқа қатысушылардың функцияларымен қамтыла алады. Олардың қатарына инициаторды қосуға Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 28-бабының 1-тармағы жол бермейді, өйткені онда аталмыш инициатор рөлі көрсетілмеген.

Бірақ белсенділігі бойынша және қылмысқа қатысу деңгейі бойынша бірлесіп әрекет етуші тұлғаларды бөлу, оларды түрлері бойынша саралауға қарағанда өзгеше мәнге ие. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 29-бабының 1-тармағына сәйкес, қылмысқа қатысушылардың ісі бойынша олардың әрбіреуінің қылмысқа қатысу деңгейін ашу, айқындау қажет. Бірлескен қылмыстағы іс-әрекетінің фактілік үлесімен үлестің салмағын қылмысқа қатысу деңгейі сипаттайды. Маңызды мөлшерде қылмысқа қатысушының функциясы алдын ала анықталады: әдетте қылмыстың жасалуына басқа қылмысқа қатысушыларға қарағанда қылмысты ұйымдастырушы тұлға көп үлес қосады, қылмысты орындаушы мен қылмысқа айдап салушы қылмысқа көмектесушімен салыстырғанда белсендірек әрекет етеді. Бұған байланысты олардың сипатымен қылмысқа қатысу деңгейі бойынша бөлу бір-бірімен тығыз байланысты. Оның сыртында, қылмысқа қатысушылар түрі бойынша бөлу олардың қылмысқа қатысу деңгейін анықтау мәселесінен шығады. Кез келген қатысушыларды түрі бойынша тарату олардың белсенділік деңгейі бойынша ара қатынасын ашып көрсете алмайды. Әдеттегі бәрінен де салбыр әрекет ететін қылмысқа көмектесуші кей кездерде қылмысты орындаушы мен оны айдап салушымен қарағанда белсенділік әрекет етіп кетуі мүмкін. Бұдан көріп отырғанымыздай қылмысқа қатысушының іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігін сипаттау тек олардың түрлерін көрсетумен жүзеге асырыла алмайды. Сондықтан да Қазақстан

Республикасының Қылмыстық Кодексінің 28-бабы кінәлілердің қылмысқа қатысу деңгейі бойынша бөлінуін қажет етеді.

А.А. Пионтковский кінә деңгейі бойынша басты және екінші деңгейдегі қылмысқа қатысушыларды бөліп көрсетуді ұсынған [2]. Практика және теорияда бірлесіп әрекет етуші тұлғаларды қылмысқа қатысу деңгейі басты және екінші деңгейдегілерге бөлудің бірыңғай тенденциясынан көрінеді.

Бұл бөлу Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 29-бабына жауап бере алады және бірлескен қылмыстық әрекеттің қатысушыларын белсенділік деңгейі бойынша тарту мүмкіндігін жалпы сипатта көрсетіп береді. Қылмысқа қатысушылардың қайсысы басты орын, ал қайсысы екінші деңгейдегі орын алатындығын алдын ала анықтау мүмкін емес. Өйткені бір ғана түрге жататын қылмысқа қатысушының іс-әрекетінің қоғамға қауіптілігі әрбір нақты жағдайдағы ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады.

Осы жоғарғы айтылғандарға байланысты, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 28-29-баптарына сәйкес, бірлескен қылмыстық іс-әрекеттерді тергеу үрдісінің соттық қарау барысында әрбір қылмысқа қатысушыға байланысты төмендегі екі жағдайды анықтау қажет:

- а) қылмысқа қатысушы тұлғаны қатысушылардың заңда көрсетілген қай түріне жататындығын;
- б) сол қатысушыға фактілі түрде тиісті болған басты немесе екінші деңгейдегі рөлді анықтау.

Қылмысқа қатысудың кез келген түрінде тұлға қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге қастандық жасайды, өзге де қылмысқа қатысушылармен біріге отырып қылмыстық заңмен көзделген қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерді қасақана жасайды және субъектінің мынадай ақыл есі дұрыс қылмыстық заң бойынша жауап беретін жасқа толған белгілерін қамтиды. Басқаша айтқанда, қылмысқа қатысушының іс-әрекеттерінде қылмыс құрамының барлық белгілері болады. Яғни қылмысқа бірге қатысуда да, жеке адамның істеген қылмысында да жауаптылықтың негізі болып қылмыстық заңда көрсетілген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекетті жасау болып табылады.

2014 жылғы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмысқа қатысушылардың жауаптылығына арнайы 29-бап арналған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 29-бабына сәйкес қатысушылардың қылмыстық жауаптылығы олардың әрқайсысының қылмыстың жасалуына қатысуының сипатымен және дәрежесімен айқындалады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 29-бабының 1-тармағы бойынша қылмысқа қатысушының жауаптылық мөлшері оның бірлескен әрекетке қатысу сипаты мен деңгейіне байланысты анықталады. Аталмыш өлшемдер (критерий):

- тұлғаның қылмысқа қатысу сипатымен;
- қатысушылықтың деңгейі әртүрлі жағдайына қатысты болады.

Мұндағылардың біріншісі, қатысушы қандай функцияларды орындады, оның үлесіне түрі бойынша қандай іс-әрекеттер түсті деген сұрақтарға жауап береді. Ал екіншісін анықтау оның өз функцияларын қаншалықты белсенді түрде орындағанын көрсетеді. Мәні бойынша бұл өлшемдер бірлескен іс-әрекеттердің сыртқы, объективтік жақтарына негізделген. Бұл жағдайда объективтік өлшемдерді пайдалану құқықтық нормада әрбір қатысушысының рөлін барынша айқын сипаттауға көмектеседі. Ол кезегінде бірлесе отырып жасалған қылмыс үшін жауаптылық сұрақтарын шешуде заңдылықтың сақталуын жеңілдетеді.

Қылмысқа бірге қатысуда әрбір қатысушы өздерінің бірлескен әрекеттері арқылы қылмыс істеуге нақты үлестерін қосады. Бұл үлес одан туындайтын зардаппен тікелей байланысты болады. Сондықтан да қылмыстық құқық нормасы бойынша қылмысқа қоса қатысқандардың барлығы да бірдей негізде және Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген баптың санкциясы шеңберінде жауапқа тартылады.

Қылмыстық құқық теориясында қатысу қандайда бір ерекше қағида немесе қосымша жауаптылық негізін тудырмайды деген көзқарас басым. Соған сәйкес жекелеген қылмыскерлер сияқты, нақты бірігіп жасаған қылмыстарына жеке кінәсінің шегіне сай қатысушылар жеке-жеке жауап береді.

Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімі бабының диспозициясында көрсетілгендей қылмыстың объективтік жағын құрайтын әрекетті бірікен қылмыстық іс-әрекеттің спецификасының күшімен кейбір қатысушылар жасамауы мүмкін. Бірақта бұндай жағдай Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 3-бабында көрсетілгеніндей қылмыстық заңмен көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар әрекет қылмыстық жауаптылықтың бірден бір негізі деген ережені өзгертпейді. Сондай-ақ қылмыс құрамы тек қана Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөліміндегі нормаларда мазмұндалатын белгілермен ғана құрылмайды. Құрылым конструкциясы жалпы бөлім

нормаларында берілген белгілерді де қосады. Осыған байланысты орындаушы болып табылмайтын қатысушыларға жауаптылық негізі қылмыс құрамы белгілері мазмұндалатын әрекеттерді жасауға қатысу және оның қызметтік рөліне заңнамалы сипаттама беретін Қылмыстық Кодекстің 28-бабының тиісті бөлімдерінен шығатын белгілерді жасау болып есептеледі. Сондықтан да ұйымдастырушы, көмектесуші және айдап салушылардың әрекеттері егер олар қылмысты тікелей орындауға бірге қатыспаса Ерекше бөлімдегі істелген қылмыс үшін жауаптылықты белгілейтін баппен және оған қосымша Қылмыстық Кодекстің 28-бабына сілтеме жасалына отырып сараланады. Қылмысты орындаушының әрекеті Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөліміндегі істелген қылмыс үшін жауаптылықты белгілейтін бап бойынша Қылмыстық Кодекстің 28-бабына сілтемесіз тікелей сараланады. Бірақта бұл орындаушымен жасалатын қоғамға қауіпті әрекеттің Қылмыстық Кодекстің Жалпы бөлімінде тіркелген қылмыс құрамының белгілерін мазмұндамайды дегенді білдірмейді.

Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының бірыңғай негізі олардың дербестік маңызын төмендетпейді. Әрбір қатысушының қылмыстық рөлін нақты ерекшелейтін мұндай ережені Қылмыстық Кодекстің 28-бабының мазмұнынан көруге болады. Сондықтан да қылмыстың орындалуын басшылық еткен немесе ұйымдастырған тұлға қылмысты ұйымдастырғаны үшін жауаптылыққа тартылады. Құқыққа қарсы және қоғамға қауіпті әрекетті жасауға орындаушыны көндірген тұлға қылмысқа айдап салғаны үшін, ал қылмысты жасауға жәрдемдескен тұлға қылмысқа көмектескені үшін тартылады. Осыған байланысты көмектесуші мен айдап салушының жасаған әрекеттері нақты қылмыс құрамының дербес белгілерін құрамайды деген кейбір ғалымдардың тұжырымдары даулы болып келеді. Олардың ойынша қатысушылардың жауаптылығының негізі болып орындаушының қылмыстық мінез-құлқы табылады.

Қылмыстық заң тек қылмысты ұйымдастырушының, айдап салушының және көмектесушінің іс-қимылына қылмыстық-құқықтық тұрғыдан баға берудің өзіндік ерекшеліктерін нақтылай және дәлелдей түседі (бір жағынан оны орындаушының іс-әрекетіне қылмыстық-құқықтық баға беруге тәуелді етсе, екінші жағынан қылмысқа қатысушылар қылмысты іс-қимылының объективтік және субъективтік жағының мазмұнын айқындайды және нақтылайды). Сонымен, жалпы бөлімнің шамаларында ұйымдастырушы, айдап салушы және көмектесуші жасаған қылмыстың шамалары қисындастырылады.

Қылмысқа қатысушылар жалпы қылмыс үшін жауап бергенімен жеке жауаптылығының, жеке өздері істегеніндерінің ауқымында, яғни өздерінің қылмысқа қатысудағы рөлдеріне ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші болғандықтарына орай жауап береді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 29-бабының 4-бөлігіне сәйкес орындаушы өзіне тәуелсіз мән-жайлар бойынша қылмысты ақырына дейін жеткізбеген жағдайда қылмыстың қалған қатысушылары қылмыс жасауға дайындалуға немесе қылмыс жасауға оқталуға қатысқаны үшін жауапқа тартылатыны қылмыстық құқықта қатысу мәселесін шешудің аксессуарлығын білдіреді. Осыған байланысты қылмыстық құқық бойынша қатысушылар жауаптылығының негіздері мен шектері, негізінен орындаушының жасаған әрекетіне қылмыстық құқықтық тұрғыдан берілетін бағаға сәйкес айқындалады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде 29-бабының 5-бөлігінде субъектінің қылмысқа қатысуы туралы мәселелер реттеледі. Бұндай қылмыстарға қатысқандық үшін жауаптылықтың ерекшелігі сонда, оны орындаушылардың шегі белгілі бір адамдармен шектелген. Басқа тұлғалар қатысқан жағдайда ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесуші ретінде жауап береді. Бұндай ереже ешқандай қиындық туғызбайды егерде арнайы субъектісіз қылмыстың объективтік жағын орындау мүмкін емес болса мәселен, қашқындық Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 373-бап. Бірақта кейбір арнайы субъектілі қылмыстардың құрамдарында мынандай қиындықтар тууы мүмкін мысалға зорлау Қылмыстық Кодекстің 120-баптың арнайы субъектісі ер адам. Бұл құрамның объективтік жағы жыныстық қатынастан және физикалық күш қолдану мен оны қолдану туралы қорқытудан тұрады. Көбіне объективтік жағының бір бөлігі күш қолдану мен оны қолдану туралы қорқытуды бұл қылмыстың арнайы субъектісі болып табылмайтын әйел адамдармен жасалатындығы түсінікті. Бұрынғы кодекс бойынша бұндай жағдайда топпен зорлаудың субъектілері болып табылатын, ал қазіргі жаңа Қылмыстық Кодекс бұндай жағдайда зорлаудың көмектесушілері ретінде есептеуді ұсынады. Бірақта көмектесуші (әйел) және орындаушы (ер адам) Қылмыстық Кодекстің 31-бабына сәйкес зорлауды топтық деп тануға негіз беретін топты бейнелемейді.

Зорлау қылмысының құрамында саралаушы белгісі ретінде ұйымдасқан топ көрсетілген (ҚК 120-б. 2-б. «а» тармағы). Ұйымдасқан топ мүшелері қоса орындаушылар болып танылады, бірақта кейде кейбіреулері жеке қылмыстың объективтік жағын орындамауы мүмкін. Бұндай ұйымдасқан

топтың мүшесі әйел адам да болуы мүмкін, ондай жағдайда ол осындай сапада зорлаудың қоса орындаушысы болып табылады.

Осыған орай біздің ойымызша Қылмыстық Кодекстің 29-бабының 5-бөлігіндегі көмектесуші деген сөзден кейін әрі қарай былай деп толықтыру қажет «егер арнайы субъекті емес ұйымдасқан топтың мүшесі болып табылатын жағдайды қоспағанда немесе өзге топтың құрамында қылмыстың объективтік жағының бір бөлігін жартылай орындаса онда соған сәйкес қоса орындаушы болып табылады».

Қылмысқа қатысушылардың қылмысты аяғына дейін жеткізуден ерікті түрде бас тартуы арқылы көрінетін әрекеттері (орындаушының жауаптылығынан өзгеше) қатысушылардың жауаптылығы үшін белгілі бір дербес маңызға ие бола алады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 26-бабының 3-бөлігіне сәйкес қылмысты ұйымдастырушы мен қылмысқа айдап салушы егер ол адамдар мемлекеттік органдарға хабарлаумен немесе өзге де қолданылған шаралармен орындаушының қылмысты ақырына дейін жеткізуіне жол бермесе қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Көрсетілген шараларға, мысал орындаушының қылмыс жасаудан бас тартуына бағытталған олардың нәтижелі ықпалы; жәбірленушіні төніп тұрған қауіп туралы алдын-ала ескерту және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және т.б. жатады. Көмектесуші қылмыстың жасалуына жол бермеу үшін өзіне байланысты шаралардың бәрін қолданса қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Егер көмектесуші бұндай шараларды қолданғанымен, атқарушы ойына алғанын бәрбір жүзеге асырса да, ол қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Қатысушылардың жауаптылығы олардың іс-қимылы жүзеге аспай қалған жағдайда өзіндік сипатпен ерекшелінеді. Мысалға, ұйымдастырушы немесе айдап салушы орындаушы қылмысты жүзеге асыру үшін қолдан келгеннің бәрін істеп бақты, бірақ соңғы сәтте орындаушы ойға алғанынан бас тартты делік. Бұндай жағдайда ұйымдастырушы мен айдап салушының әрекеттері қауіптілігін жоғалтпайды және жалпы ереже бойынша егер бұл қылмыс ауыр және ерекше ауыр қылмыстарға жататын болса, олар қылмысқа дайындалу ретінде саралануы қажет. Орындаушы бұл жағдайларда ҚР ҚК 26-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартылуы тиіс емес. Егер орындаушының қылмыстық әрекеті алдын-ала дайындық сатысында үзілсе, онда бұл жағдайда орындаушының әрекетінде басқа бір қылмыстың құрамы бар болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 24-бабына сілтеме жасала отырып, белгілі бір қылмысты істеуге даярланғандық немесе оқталғандық ретінде саралануы қажет, ал басқа қылмысқа қатысушылардың әрекеті тисінше Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 24, 28-баптарына және нақты қылмыс құрамына сілтеме жасала отырып сараланады. Сондай-ақ, жүзеге аспай қалған көмектесушілік үшін жауаптылықта осы негіздерге орай құрылуы қажет. Көмектесушінің көрсеткен қолғабысына қарамастан орындаушы өз еркімен бастартып қылмыс істемеген болса көмектесушінің әрекеттері қылмысқа дайындалу ретінде сараланады. Қатысушылар жауаптылығының өзіндік сипаты (орындаушының жауаптылығы мен жазасына ешқандай да бағынышты емес) Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 57-бабының 2-бөлігіне сәйкес қатысушылардың біреуінің жеке басына қатысты жауаптылықпен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жәйлар тек сол қатысушыға жаза тағайындау кезінде ғана ескеріледі деп көрсетілгендігінен көрінеді.

Сондықтан да қатысушылардың жауаптылығы негізінен орындаушының жауаптылығына тәуелді болғанымен де белгілі бір дәрежеде өзіндік сипаты болады. Қатысушылардың іс-әрекеттері тәртіпке сәйкес қылмысты жасауда қатысушының рөлін бейнелейтін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 28-бабының нақты бөлігіне сілтемесіз сараланады. өз уақытында практикада әрекет етіп тұрған күрделі қатысуды саралау тәртібі туралы ережені дамыту инициативасын профессор П. Тельнов көтерді. Ол қатысушылар іс-әрекеттерін саралауда міндетті түрде РСФСР-дің Қылмыстық Кодекстің 17-бабының (ҚР ҚК 28-бабының) сәйкес бөлігін көрсету қажет деді [3].

Шынымен де қылмысты саралау заңдылық қағидасының қажетті көрсеткішінің бірі болып табылады. Сондықтан да саралауда қатысушының әрекетінің құқықтық бағасы өте нақты және дәл айқындалуы қажет. Осыған байланысты біз П. Тельновтың көзқарасын толық қолдай отырып әрбір қатысушының әрекетін тек Қылмыстық Кодекстің 28-бабына сілтеме жасап қана сараламай қылмыстық іс-әрекетте қатысушымен орындалған рөлді көрсететін бөлігінде көрсету қажет. Сонымен бірге орындаушы мен көмектесушінің қылмыстық іс-әрекеттерін ұйымдастырушы нақты басқарған жағдайда қылмыстық жауаптылықтары тең дәрежеде болуы қажет деп санаймыз. Бұл құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің әрбір қатысушының атқарған рөлін өте тиянақты анықтауға жөн сілтейді және жазаны дараландыру қағидасын дамытады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бурчак Ф.Г. Соучастие: социальное, криминологическое и правовые проблемы.– Киев: Выш. Шк, 1986. - 137 с.
2. Павлухин А.Н. Виды и ответственность соучастников преступления. – М.: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право, 2007.- 142 с.
3. Тельнов П.Ф. Ответственность за соучастие в преступлении. – М.: Юрид. лит. , 1974. - 155 с.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС БАРЫСЫНДАҒЫ КУӘНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ

*Жамиева Р.М., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, з.ғ.к.
Оралбекова М.Д., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің 2 курс
магистранты*

Азаматтық қоғамдағы құндылық жүйесінің ең қымбат қазынасы адам және оның құқықтары мен бостандықтары болғандықтан, оларды мемлекеттік билік тарапынан қорғау және сақтау қажет. Кейінгі жылдары мемлекетімізде қылмыстылықтың едәуір көбейіп кеткені бәрімізге белгілі. Сол себепті қылмыстық сот өндірісіне қатысушы куәлар жеке бастарының немесе жақын туыстарының қауіпсіздігі үшін өздеріне белгілі мәліметтерді айтудан және дәлелді айғақ беруден бас тартады. Бұндай жағдай орын алғанда көбінде құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қылмыстық істі тергеу барысында біраз қиындық көрсетеді. Осыған сәйкес, қылмыстық сот өндірісіне қатысушы субъектілердің, оның ішінде куәлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселесі туындайды.

Өкінішке орай, ұзақ жылдар бойы қылмыстық сот өндірісіне қатысушы тұлғалар, әсіресе куәнің құқықтары мен заңды мүдделері мемлекеттік билік тарапынан құқықтық қорғау мен ерекше қамқорлыққа алудың пәні болып табылмады. Куәнің жеке және мүлкітік құқықтары, оның заңды мүддесі мен қауіпсіздігінің қамтамасыз ету шаралары біздің мемлекетімізде толық дамымаған. Қылмысты көре тұра, оны әшкерелеуге келгенде «көрген жоқпын, білген жоқпын» дейтіндер жиі кездеседі. Ал бұл әрекет қылмысқа жол ашып береді. Себебі куәнің мәліметтерді жасырып қалуы тергеу ісін қате жолға салуы мүмкін. Сауал салып қарасаңыз, үш адамның кемінде біреуі куә болудан бас тартатындығын, қылмысты көрсе де қауіптенетінін айтады. Біздің мемлекетімізде куәнің қауіпсіздігіне толық кепілдік берілмеген. Куә жалған сөйлесе қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын білсе де, сыртқы күштерден қауіптенгендіктен және өзінің өмірі үшін қорыққандықтан жалған айғақ береді. Өмірде оларға не жақындарына, отбасына қауіп төнетін жағдайлардың аз кездеспейтінін ешкім де жоққа шығара алмайды [1, 114].

Мысалы, Ресейдегі мемлекеттік статистикалық комитеттің мәліметтері бойынша тұрғылықты халықтан олардың құқықтық қорғалуы және құқық қорғау органдарының мүмкіндіктері жайында пікірлерін зерттеген кезде сұраған 40 мың адамның ішінде 30 пайызы «егер қылмыстың куәсі болған жағдайда не істер едіңіз?» - деген сұраққа, болған оқиға жайлы құқық қорғау органдарына айтпаймыз деп жауап берген. Ал қылмыстық сот өндірісіне куә немесе жәбірленуші ретінде қатысқан тұлғалардан сұраған кезде олардың 90 пайызы егер де өздеріне, жақын туыстарына құқыққа қарсы әрекет ету арқылы өміріне, денсаулықтарына, мүліктеріне нақты қатер туып тұрса, айғақ беруден бас тартатындарын және жалған айғақ беретіндерін растады.

Қылмыстық іс бойынша куә мен жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін факторлардың арасында субъективті факторлар қатарына жататындары да бар. Бұл жүргізілген сауалнама және қылмыстық істер материалдарын зерделеу, қылмыстық құқықтық және сот ісін жүргізу нормаларының жетілмегендігімен байланысты мәселелерден басқа, оларды сирек қолдану тәжірибесі көбінесе құқық қорғау органдарының өзінен, сондай-ақ сот органдарынан шығатыны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді [2,12].

Қылмыстардан зардап шеккен тұлғалардың құқықтары, мүдделері мен қауіпсіздігі, қылмыстың анықталуы, оның ашылуы, кінәлінің әшкереленуі және оған әділ жазаның қолданылуы көбінесе қылмыстық процесте қылмыстың құрбандығы, куәлер мен іске қатысатын өзге де тұлғалар алған ұстанымға байланысты болса да, әзірше құқық қорғау органдарымен еленбей келеді. Заң шығарушы тарапынан да, құқық қолдану органдары тарапынан да қылмыстың құрбандықтары құқықтарының